

ПРЕЗИДЕНТ

Үкіметке жауапты міндеттер жүктелді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен осы аптада Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиын барысында Қазақстанның 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері талқыланып, алдағы уақыттағы елдің дамуына бағытталған мақсат-міндеттер сөз болды.

Кеңейтілген Үкімет отырысына Премьер-министр Олжас Бектенов, Ұлттық банктің төрағасы, министрлер, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Дилар МӘШКҰЛЫ

Отырыс барысында ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қазір әлем түбегейлі өзгеріске ұшырап жатқанын айтып, жаһандық үдерістер алдымен еліміздің экономикалық жағдайына әсер ететінін жеткізді.

«жасыл энергетиканы» дамыту тәсілдерін қайта қарауға тура келеді. Бір жағынан, дәстүрлі қуат көздеріне деген сұраныс сақталады. Екінші жағынан, бұл мұнай, газ және көмір бағасының тұрақсыздығына әкеп соқтырады.

«Әлем экономикасында болып жатқан тарифтік тартыстар мен санкциялық текетіретер қалыпты жағдайға айналды. Бұл үдерістің салдары жойқын болуы мүмкін.

«Көптеген қарай көсілетін уақыт келді. Орынсыз шығынды тоқтатып, аяғымызды тартып басу

кажет», — деп ескерткен Президент Үкіметтің және басқа да қуырлы органдардың жақын арадағы негізгі міндеттеріне тоқталды.

Былтыр өңдеу өнеркәсібі саласында 180 инвестициялық жоба жүзеге асырылыпты. Олардың жалпы құны 1,3 триллион теңгеге жеткен. Соның нәтижесінде осы саладағы өсім 6 пайызға жуықтаған.

Президент екінші мәселе ретінде инфрақұрылымды дамыту ісіне тоқталып, оны жана деңгейге көтеру қажет екенін ескертті.

(Жалғасы 2-бетте)

КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ

Лайықты кандидаттарға дауыс берілді

Жуырда Алматы облысы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы жанындағы Қарасай ауданы кәсіпкерлері кеңесінің екінші отырысы өтті. Аудандық кеңестің мүшелері басқосқан жиында таяуда аяқталған облыстық кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңесінің сайлау нәтижесі қорытындыланып, аудандан мүше ретінде тағайындалатын үміткер сайланды.

Ақтоты МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ

Естеріңізге салар болсақ, өткен жылдың желтоқсан айынан бастап, ағымдағы Ұлттық кәсіпкерлер палаталарының өңірлердегі мүшелерінің мүддесін қорғау мақсатында құрылған өңірлік кеңестерге сайлау өткен болатын.

«NAQTY» газетінің және «Naqty.kz» желілік басылымының бас редакторы Атлана Жанатқызы бірауыздан қолдауға ие болып, Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесіне мүше ретінде бекітілді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының Алматы облысы бойынша өңірлік кеңесіне үміткерлердің құжаттарын қабылдау жұмыстары жүргізілді. Оған Қарасай ауданынан салалық және аудандық кеңестер мүшелері — «Алматыгазсервис-Холдинг» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Василий Тен және «Atlant Media» ЖШС-нің директоры Атлана Исаева, сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысатын Әсел Жылқыбаеваның кандидатуралары ұсынылған еді.



Ережеге сәйкес, кеңес хатшысы Орынбай Жанәлі алдымен жиналғандарды күн тәртібімен таныстырып өтіп, ҰҚП-ның сайлау комиссиясының 16.01.2025 жылғы №6 хаттамасына сәйкес делегаттыққа кандидаттардың келіп түскен өтініштері туралы баяндады.

Ал аудандық өңірлік кеңестің төрағасы болып бірауыздан жеке кәсіпкер, «SEVAN 1» ЖШС-нің директоры Армен Борян сайланды.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА

«Наурыз жұмыскер» тұрғын үй бағдарламасы іске қосылады

Ақтоты МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ

Еңбек қашанда адамды биікке жетелейді. Айналымда адал еңбегімен елге танылған қарапайым жандар жетерлік. Бүгінде олардың көбі күн райының аптап ыстығы мен суығына қарамастан өз міндеттерін адал, таза әрі сапалы атқарып келеді.



20 пайыздық жарнасы болуы шарт. Ипотека әлеуметтік осал санатқа жататындарға жеті пайызбен (ЖТСМ 7,1%-дан 9,6%-ға дейін), басқа санаттағылар үшін тоғыз пайыздық (ЖТСМ 9,4%-дан 13%-ға дейін) мөлшерлеменен беріледі.



«Наурыз жұмыскер» бағдарламасымен қатар отандық кәсіпорындармен «корпоративтік» өнім шенберінде жұмыс істейтін болады. Бұл кәсіпорындардың өз қызметкерлеріне несие беру үшін қаражат бөлуіне ықпал етеді.

Президенттің тапсырмасына байланысты техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауды жүзеге асыру мақсатында республикалық жоспар бекітілді. Сондай-ақ ҚР Оқу-ағарту министрлігі тарапынан кәсіптік-техникалық білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы қабылданды.

«Отбасы банкі» АҚ Алматы облыстық филиалы директорының орынбасары Ерболат Едігеевтің мәліметіне сүйенсек, жана бастама аясында ағымдағы жылы жұмысшы мамандықтары өкілдеріне 72 млрд теңге көлемінде 2 440 несие беру жоспарланған.

Тағы бір айта кетерлігі, Отбасы банкі «Наурыз жұмыскер» бағдарламасымен қатар отандық кәсіпорындармен «корпоративтік» өнім шенберінде жұмыс істейтін болады.

Техникалық мамандарды қолдау шаралары іске асырыла бастады. Соның бірі — Премьер-Министр Олжас Бектеновтің тапсырмасымен Отбасы банкі іске асыруды қолға алған «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы. Бұл — техникалық мамандарға арналған тұрғын үй несие. Оған өнеркәсіп, энергетика, көлік,

Бирінші және екінші сатып алу мүмкіндігі қарастырылған. Яғни егер де үміткер бірінші нарықтағы әрленген дайын пәтерді сатып алғысы келсе, 10 пайыздық алғашқы жарнасы болуы қажет. Ал егер әрленбеген жаңадан салынған үй немесе қайталама нарықтан сатып алу жоспары болса,

Жұмысшы мамандықтары иелеріне арнайы іске асырыла бастаған «Наурыз жұмыскер» әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, мемлекетіміздің тұрақты дамуына да он есерін тигізетін болады, — деді «Отбасы банкі» АҚ Алматы облыстық филиалы директорының орынбасары Ерболат Фабиұлы.

АКТУАЛЬНЫЙ ВОПРОС

Ремонтируются ТП, модернизируются электрические сети

В нашем густонаселенном районе довольно остро стоит проблема бесперебойного электроснабжения. Опять же на территории Елтайского сельского округа находится большая промышленная зона, в которую входят многие крупные предприятия и тепличные хозяйства.



Кроме того, готова ПСД по рабочему проекту «Реконструкция электрических сетей в селе Елтай Карасайского района Алматинской области». Положительное заключение государственной экспертизы № ЮЖГЭКС-0028/24 было получено 7 июня 2024 года.

Особое внимание уделяется санитарной обрезке деревьев, перегрузке проводов. Кроме того, 155 деревянных опор заменены на железобетонные, проведен предварительный плановый ремонт 436 ТП.

Другая сложность заключается в том, что в целом по району имеется свыше 2700 частных трансформаторных подстанций (ТП), которые не обслуживаются согласно нормам, — заметил Айдар Амантаевич. — В частности, отсутствуют лица, ответственные за состояние электрохозяйства.

Немаловажно и то, что разработана ПСД на модернизацию электрических сетей 13 населенных пунктов. Сюда входят город Каскелен, села Шамалган, Жандосово, Кайнар, Долан, Жамбыл, Кольяши, Турар, Улан, Жибек жолы, Береке, Жармухамбет, Кокозек. На рассмотрение областной комиссии поданы общественные заявки на общую сумму 4,6 млрд тенге.

Он также рассказал о том, что для повышения качества электроснабжения в целом по району было заменено 44 трансформаторных подстанции, в том